



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ
№ 36 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ
2011 жылғы 1 қараша**

**Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің
20 жылдығына арналған ескерткіш монеталарды
айналысқа шығару туралы**

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі 2011 жылғы 1 қарашадан бастап Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналған «proof» сапасымен жасалған номиналдық құны 50 000 теңгелік ескерткіш алтын монетаны, «proof» сапасымен жасалған номиналдық құны 5 000 теңгелік және 500 теңгелік ескерткіш күміс монеталарды, сондай-ақ номиналдық құны 50 теңгелік нейзильбер қоспасынан жасалған ескерткіш монетаны айналысқа шығарады.

Номиналдық құны 50 000 теңгелік алтын монета және номиналдық құны 5 000 теңгелік және 500 теңгелік күміс монеталардың бет және сырт жақтарындағы суреттері бірдей.

Монеталардың бет жағында (аверсінде) сол жақ бөлігінде Қазақстан Республикасының елтаңбасы бейнеленген. Оң жақ бөлігінде монеталардың номиналдық құндары көрсетілген: алтыннан жасалған монетада «50000 ТЕҢГЕ» және монета дайындалған металды, оның сынамын және массасын білдіретін «Au 999 1000 gr.» деген жазу; күмістен жасалған монеталарда «5000 ТЕҢГЕ» және «500 ТЕҢГЕ» және монеталар дайындалған металды, оның сынамын және массасын білдіретін «Ag 925 1000 gr.» және «Ag 925 31,1 gr.» деген жазу бар. Төменгі бөлігінде стильдендірілген қанатты барыс бейнеленген Қазақстанның картасы (күмістен жасалған монеталарда алтындатылған) және Қазақстан теңге сарайының тауар белгісі. Жоғары бөлігінде айналдыра мемлекеттік тілде «ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ» деген жазу бар және айналдыра шығыңқы жиек жүргізілген.

Монеталардың сырт жағында (реверсінде) орталық бөлігінде жылтыр бетте сағаттың стильдендірілген циферблатына уақыт пен құрылыстардың сабақтастығын бейнелейтін Астанадағы және Алматыдағы көрнекті үйлерден коллаж орналастырылған. Төменгі бөлігінде мемлекеттік тілде «ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАНҒА 20 ЖЫЛ» деген жазу, жоғары бөлігінде – монетаның соғылған жылын білдіретін «2011» деген сан жазылған. Айналдыра шығыңқы жиек жүргізілген.

Монетаның бет жағындағы және сырт жағындағы бейнелер және жазбалар бедерленген.

Қыры (гурты) бедерлі.

Монеталар:

1) 999/1000 сынамды алтыннан жасалған, массасы 1000 грамм, диаметрі – 100 мм, дайындау сапасы - «proof», таралымы – 100 дана;

2) 925/1000 сынамды күмістен, массасы 1000 грамм, диаметрі – 100 мм, дайындау сапасы - «proof», таралымы – 200 дана;

3) 925/1000 сынамды күмістен, массасы 31,1 грамм, диаметрі – 38,61 мм, дайындау сапасы - «proof», таралымы – 5000 дана дайындалған.



Нейзильбер қоспасынан жасалған ескерткіш монетаның бет жағында (aversінде) жоғары бөлігінде Қазақстан Республикасының елтаңбасы бейнеленген. Төменгі бөлігінде монетаның номиналын білдіретін «50 ТЕНГЕ» деген жазу бар. Номиналдың сол және оң жағында ұлттық ою-өрнек элементі бейнеленген. Айналдыра мемлекеттік тілде «ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ» деген жазу бар және шығыңқы жиек жүргізілген.

Монетаның сырт жағында (реверсінде) орталық бөлігінде Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығын мерекелеу эмблемасы бейнеленген. Төменгі бөлігінде Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігін алған жылды және монетаның соғылған жылын білдіретін «1991 – 2011» деген сандар орналастырылған.

Монетаның бет жағындағы және сырт жағындағы суреттер және жазулар бедерленген.

Қыры (гурты) бедерлі.

Монета «нейзильбер» қоспасынан жасалған, диаметрі – 31 мм, массасы – 11,17 грамм, таралымы – 50 мың дана.



Номиналы 50000 теңгелік, 5000 теңгелік, 500 теңгелік және 50 теңгелік ескерткіш монеталар Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында көрсетілген құнымен төлемнің барлық түрлері бойынша, сондай-ақ шоттарға, салымдарға, аккредитивтерге есептеу үшін және аударым жасау үшін қабылдануға міндетті, Қазақстан Республикасының барлық банктерінде шектеусіз ұсақталады және айырбасталады.

Ескерткіш монеталар «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан теңге сарайы» шаруашылық жүргізу құқығы бар республикалық мемлекеттік кәсіпорнында дайындалды.

Монеталардың дизайны Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 25 қыркүйектегі № 1193 Жарлығымен бекітілген Қазақстан теңгесі – ұлттық валюта банкноттары мен монеталары дизайнының тұжырымдамасына сәйкес әзірленген.

«Proof» сапасымен жасалған ескерткіш монеталар коллекциялық құны бойынша сатуға арналған. Олар кәдесыйлық ораумен шығарылады және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдеріндегі нөмірлік сапа сертификатымен жабдықталған.

Нейзильбер қоспасынан жасалған ескерткіш монеталардың бір мың данасы жақсартылған сапамен және сату үшін арнайы пластикалық термовакуумды ораумен шығарылған.

Монеталарды Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің барлық филиалдарында сатып алуға болады. Алматы қаласында мына мекенжай бойынша: Панфилов көшесі, 98. Анықтама үшін телефоны (727) 273-83-98.

Барынша жан-жақты ақпаратты мынадай телефондар бойынша алуға болады:
+7 (727) 270- 46- 39, +7 (727) 270-46-54; E-mail: press@nationalbank.kz
www.nationalbank.kz